



**ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
**№2 / 2016**  
**серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ**



**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы**  
**КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК**  
**УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**КОКШЕТАУСКОГО**  
**ГОСУДАРСТВЕННОГО**  
**УНИВЕРСИТЕТА**  
**имени Ш. УАЛИХАНОВА**

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы  
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
КОКШЕТАУСКОГО  
ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
имени Ш. УАЛИХАНОВА



Меншік иесі Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК  
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор  
**Абжаппаров А.А., д-р тех. наук, профессор**

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора  
**Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент**

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмьшева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шапауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Байманова Л.С.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Акана-сері, 24.  
тел./факс: 25-55-83; редакция: 72-11-12;  
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы  
№ 2 / 2016

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор  
Технический редактор  
**Громова О.В.**

2008 жылдан бастап шығады  
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года  
Выходит 4 раза в год

Басуға 29.06.2016 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/12.  
Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі 21,4 б.т.  
Таралымы 300 дана.  
Бағасы келісім бойынша.  
Тапсырыс № 140.

Подписано в печать 29.06.16 г.  
Формат 60x84 1/12.

Бумага книжно-журнальная.  
Объем 21,4 п.л. Тираж 300 экз.  
Цена договорная. Заказ № 140.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ  
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии  
КТУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау мемлекеттік университеті  
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК  
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

<b>Абдукаримова А.А., Абрамова Г.И.</b> Концепт как базовая единица когнитивной лингвистики и лингвокультурологии .....	6
<b>Адилова А.С.</b> Көркем мәтіндердегі «дала», «қала» бейнесі .....	11
<b>Алдашева К.С., Набидуллин А.С.</b> Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер – ұлттық-мәдени болмыстың көрінісі .....	18
<b>Амренова Р.С.</b> Фольклор мәтіндерінің лингвоментальді кеңістігі .....	24
<b>Аубакирова Б.К., Қадыров Ж.Т.</b> Телехабарлар жүйесіндегі тіл мәдениеті .....	30
<b>Бекимова А.Б., Шалабай Б.</b> Функционалды синтаксистің негізгі бірлігі – сөйленім .....	35
<b>Дальбергенаева Л.Е., Туребекова А.С., Тасбулатова Ж.С.</b> Когнитивное осмысление каузальных ситуаций .....	41
<b>Иманбердиева С.Қ., Ыбырайым Ә.О.</b> Латын қарпі негізінде қазақ онимдерінің дұрыс берілу мәселесі .....	46
<b>Исмағұлова Б.Х., Қанабекова М.Қ.</b> Қазақ тілінің тәуелсіздік кезеңіндегі неологизмдер сөздігі: әлеуметтік қажеттілігі және құрастыру ұстанымдары .....	52
<b>Касенов С.Н., Мукашева А.О.</b> О роли выделительных слов в тексте устной лекторской речи .....	57
<b>Кенжеканова К.К., Жанাবেкова М.А.</b> Қайталамалар саяси дискурстағы ықпал етуші прагматикалық амал ретінде .....	62
<b>Крамаренко Б.В.</b> К вопросу о понятии «конструкт» в языкознании .....	67
<b>Қанабекова М.Қ.</b> Қазіргі сөз мәдениетінің даму бағыттары және тіл динамикасы .....	78
<b>Оналбаева А.Т., Уристенбаева Ж.Н.</b> Невербальный аспект концепта <i>қамшы</i> .....	82
<b>Оспанова Б.Р.</b> Қоғамдық-саяси лексика және маңызы .....	88
<b>Рысбаева Г.Қ.</b> Түркі тілдес халықтардың «жаратушы күштер» концептісінің тілдік көрінісі .....	94
<b>Сарманова Ж.С., Бейсембаева Ж.А.</b> Интерпретация и фактор субъективности в синхронном переводе .....	101
<b>Сейдалиева Г.О.</b> Мерзімді баспасөздің типологиялық сипаты .....	108
<b>Ташимханова Д.С.</b> Трехъязычие в образовательном пространстве Казахстана .....	113

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<b>Ахметова Г.С., Қайрат Г.</b> Көркем мәтіндердегі субъективті және объективті модальділіктің берілу ерекшеліктері .....	120
<b>Ашкеева М.М., Шарипова А.С.</b> Тілдік әдептілік ұлттық-ерекше коммуникативтік категория ретінде .....	125
<b>Байманова Л.С., Жумабекова Ш.Д.</b> Функционирование тюркизмов в лексической системе английского языка .....	130
<b>Исакова С.С., Кожина С.А.</b> Когнитивная структура термина воровство в казахском и английском языках .....	135
<b>Исмағұлова К.Г., Капанова Д.Е.</b> Сопоставительное изучение концепта «любовь» в немецкой и английской языковых картинах мира .....	140

<b>Кемелбек Б.М.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жарнама мәтіндері және аударма .....	146
<b>Құрманова Н.Е.</b> Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық мәдени-нышанды фразеологизмдердің пайда болу негіздері .....	151
<b>Сарсенбаева А.С., Кулахметова М.С.</b> Изучение проблемы заимствования в русском языке в русле антропоцентрической парадигмы .....	156
<b>Тайыбаева А.А.</b> Semantic features of the concept “Love” in English, Kazakh and Russian paremiology .....	162
<b>Шайбакова Д.Д.</b> Выявление потенциальной интерференции в билингвальной коммуникации .....	170

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

### ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<b>Абикенов М.Т., Жумабекова Б.Қ., Карипжанова Г.Т.</b> Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілдік ерекшеліктері.....	176
<b>Амренов А.Д.</b> Абай поэзиясындағы тәуелсіз ел идеясы .....	182
<b>Амренов А.Д., Қабышев Т.Б.</b> Тайыр Жомартбаевтың арнау өлеңдері .....	188
<b>Асан А.К.</b> Магический реализм прозы А. Кима и О. Бокеева .....	194
<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b> Азаттық идеясының кеңестік кезең поэзиясындағы көрінісі .....	200
<b>Байтанасова Қ.М.</b> Мәтін және баяндау теориясы .....	209
<b>Молдахметова С.С., Байгозинова Д.Е.</b> Роль деталей как средство передачи информации в художественном произведении .....	214
<b>Өтегенова А.</b> Бауыржан Момышұлы күнделігінің тәрбиелік мәні .....	217
<b>Рахманова Н.М.</b> Поэтикалық әлемдегі мән мен мағына .....	222
<b>Санникова А.В.</b> Автоперевод: оригинал и интерпретация Иосифа Бродского .....	227
<b>Темирова Ж.Г.</b> Вещь как идейно-тематическая и сюжетобразующая художественная деталь в повестях Н.В. Гоголя .....	232
<b>Тілеуова А.З.</b> Жоқтау өлеңдердегі тарихи кезең шындығы .....	237
<b>Шакирова Қ.М.</b> Драматургиядағы диалогтың қызметі .....	242
<b>Шарипова А.С., Ашкеева М.М., Жуманова Г.Ж.</b> Фольклерлік мәтін .....	247
<b>Шортанбаев Ш.А.</b> Жамбыл мұрасы – Мәңгілік елдің мирасы .....	253

## ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

### МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<b>Алибекова К.Е., Баяндина С.Ж.</b> Современные подходы к обучению будущих переводчиков специальной лексике русского языка .....	259
<b>Альжанова А.Б., Смагулова С.С.</b> О роли тестирования при обучении иностранному языку .....	265
<b>Бейсенова Ж.С., Утегенова Д.И.</b> Технология <i>развития критического мышления: одно из условий</i> формирования функциональной грамотности студентов .....	269
<b>Ерғожина Ш.Л.</b> Өздік жұмыс түрлері және оны сабақта пайдалану тиімділігі .....	277
<b>Ерғожина Ш.Л.</b> Кейс-стади әдісін қолдануда қалыптастырылатын дағдылар .....	282
<b>Камиева Г.К.</b> Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына кәсіби қызығушылығын қалыптастыру .....	287
<b>Қадашева Қ., Омарова С.К.</b> Түркі тілінде сөйлейтіндерге арналған электрондық	

оқулықтың құрылымдық ерекшеліктері .....	292
<b>Қадашева Қ., Омарова С.К., Асанова У.О.</b> Компьютер – қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың құралы .....	297
<b>Rusol I.G., Shulembayeva K.M., Plokhenko V.B.</b> Application of information technology in teaching foreign languages .....	302
<b>Сапина С.М., Динаева Б.Б.</b> «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту барысында студенттердің жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәжірибесі .....	307
<b>Смагулова С.С., Альжанова А.Б.</b> Обучение письму в сфере профессионального общения .....	311
<b>Stukalenko N.M., Ustazhanova N.A., Lavrick R.A.</b> Modern requirements for training foreign language teachers .....	316
<b>Тленшина Г.М., Ахриева Л.А.</b> Современные креативные методы в образовательном процессе .....	320
<b>Халенова А.Р., Махажанова Л.М.</b> Жоғарғы оқу орындарындағы ағылшын тілі сабағында өзіндік жұмыс арқылы студенттердің білімдік құзыреттілігін қалыптастыру ....	327
<b>Цупкина Ю.А., Хасеинова Г.С.</b> Теоретические предпосылки создания комплекса заданий и упражнений для компьютерной программы .....	332

## ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

### ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

340

### СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

**ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ**  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА**

---

ӘОЖ 811.512.122

М.Т. Абикенов,<sup>1</sup> Б.Қ. Жумабекова,<sup>2</sup> Г.Т. Карипжанова<sup>3</sup>  
Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті<sup>1</sup>  
С. Торайыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті<sup>2,3</sup>  
Семей,<sup>1</sup> Павлодар,<sup>2,3</sup> Қазақстан  
*adon70@mail.ru, beibitnur@mail.ru*

**МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы сөз-символдардың символдық мағынасы анықталады. Сонымен қатар, ақынның суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстары талдауға түседі. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы халықтың мифтік дүниетаным, наным-сенімдерінің, астрономиялық көзқарастарының тілдегі бейнелері «Күн», «Ай», «Жұлдыз» лексемаларының символдық мағынасы талдауға түседі. Сөздің мифологиялық мағынасы тұрақты тіркестерде, идиомдарда бейнелі түрде түсіндірілетіндігі және ол қазақ халқының дүниетанымын бейнелейтіндігі жайлы баяндалады.*

*Түйін сөздер: мәтін, символ, трансформация, стиль, образ*

Ақынның суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстың бір түрі – оқиғаның сырын тұспалдап ашатын, ишарамен білдіретін – сөз-символдарды еберлікпен қиыстыра жұмсау. Ақын поэзиясындағы сөз-символдар көркем мәтіннің идеялық мазмұнын арқалап, ойды астарлап жеткізеді. Символ - сөздің мағынасы кейде бір сөйлем немесе абзац, әйтпесе тіпті бүкіл мәтін көлемінде ғана танылады. Сөз-символдар көпмағыналы болып келеді. Сондықтан сөз-символдың символдық мағынасын кейде шығарманы толық оқығанда ғана түсінуге аламыз. Ақын сөзді символдық мәнде қолданғанда, белгілі бір стильдік мақсатты көздейді. Сөз-символ поэзияның бейнелілігін арттыруда маңызды. Символдың жеке автор қолданысындағы мәнін ашу, мағынасын тану ерекше қабілет пен көкірек көзін қажет етеді. Қазақ халқында қоршаған орта символдық мәнге толы. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы сөз-символдар қатарына ай, күн, жұлдызды жатқыза аламыз. Жалпы олар құдіретті саналған. Ертеде халық ол жерге жарық, жылу беруші ғана емес жақсылық әкелетін құдіретті күш деп санаған., сондықтан оның мейірімін өзіне аудару үшін табынып, құрбандық шалған. Т.Жанұзақов: «Ай ертеден, көне заманнан-ақ әдемілік пен сұлулық-көркемдік символы болған, оған жұрт табынған, қасиет тұтқан. Ежелгі түркі тайпаларының аспанды, ай мен күнді «қасиетті», «құдіретті», «тәңірі» санап, оларға табынғаны тарихтан белгілі [1, 31]. Академик Ә. Марғұлан «Қорқыт ата күйші» еңбегінде ерте заманда қазақ пен моңғол халықтарына ортақ символ сөздердің мағынасын келтіреді:

1) Күн – махаббат, әділет, ғашықтықтың белгісі. «Күнім» деу махаббаттың, сәби тазалықтың күшті түрі саналған.

2) Ай – сұлулық, сана ишарасы болған.

3) Жұлдыз – мереке, ойын-сауық, жастықтың белгісі болған» [2, 46].

«Сұлулықтың, сұлу қыздың бейнесін халық поэзиясында күн, ай, таң, нұр образымен беру қалыптасқан дәстүр»,-дей келе, Р.Сыздықова Дулат ақынның

*Қараса көз тойғандай*

*Топты ортадан ойғандай*



*Бұтағына шынардың  
Күнді әкеп іліп қойғандай,  
Сәндісің, жаным, сәндісің!-*

деген өлең жолдарын өзінше өрнек, «мұнда да сәнділік, сұлулық образы күн арқылы берілген»,-деп көрсетеді [3, 80]. Жоғарыда ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, біз күннің – ізгілік, айдың – сұлулық, жұлдыздың – қуаныш, береке, символы болған деп есептейміз. Қазақ халқының таным түсініктерін астрономиялық көзқарастарда бейнеленуі, оның тілдік көрінісі мифтік баяндар қазақтардың астрономиялық көзқарастарының негізі болып табылады. Олар қай жұлдыз қай уақытта пайда болғандығын түсіндіреді.

Жұлдыздардың қазақ дүниетанымында рөлі маңызды, мәнісі аса зор. Қазақтардың өмір сүру тәсілі жұлдыздардың бағытымен, аспанға шығатын уақытымен сәйкестендірілгені мәлім. Көшпелі қазақтар үшін дүздегі нақты нысана аспан жұлдыздары болғаны белгілі. Сол жұлдыздарға қарап түн мезгілін, ай, жыл уақытын айнытпай айтатын болған. Олар жылдың, айдың, түннің қай мезгілінде қандай жұлдыз болатынын байқап, айтып отырған. Жұлдыздарға қазақтар өз тұрмысына, көшпелі мал шаруашылығына қарай «Темірқазық», «Ақ боз ат», «Көк боз ат» т.б. деп ат қойған. Мысалы қазақтар үшін «Темірқазық» түнде жол жүргенде бет алысын бағдарлайтын астрономиялық компасы болуымен қатар, астрономиялық сағат та болған, яғни ата бабамыз темірқазыққа қарап уақытты мөлшерлеп отырған. Жұлдызды қазақ дүниетанымының кілтті ұғымы деп қарастыруға болады. Себебі бұл ментальды-мәдени жасалымы қазақтардың ұлттық мәдениетінің іргетасы болған құндылықтық бағдарларды, көзқарастарды жүзеге асырады. Қазақ фольклорында, әсіресе, жұлдыздарға байланысты аңыз сюжеттер кең орын алады.

«Ай» да қазақ танымында ерекше орын алатын, аспан денелерінің ішінде ерекше назар аударып, түсініктеріне ай құпиясын ашуға ұмтылыстары ғасырлар бойы жинақталған ауыз әдебиеті үлгілерінен де, қазақ халқының теңеулерінен, мақал-мәтел, фразеологизмдерінен де байқаймыз. Әлем халқы ежелден-ақ уақыт өлшемін Аймен, Күнмен белгілеген. Айға байланысты уақыт өлшемдері, ауа-райын болжаулары, салт-дәстүр, ырым-сенім, мақал-мәтелдері көп. Ай – нәзіктіктің, сұлулықтың символы. Халқымыз ажарлы ару қыздарды «*Он төртінде туған айдай*», «*Ай десе – аузы, күн десе – көзі бар*», - деп суреттейді.

«Күн», «Ай», «Жұлдыз» лексемаларының символдық мағынасы ақын-жазушылар шығармаларынан да көрінеді. Мысалы, Мәшһүр Жүсіпте халықтың мифтік дүниетаным, наным-сенімдерінің, астрономиялық көзқарастарының тілдегі бейнелері сипатталады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «күн», «ай», «жұлдыз» концептілері шаманизм, ислам мәдениетіне дейінгі яғни тәңірлік дәуірдегі және ислам дәуіріндегі ұлттық көзқарастың сипатын танытады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан халықтың мифтік дүниетаным, наным-сенімдерінің, астрономиялық көзқарастарының тілдегі бейнелері көрініс тапқан. Тіл – мифологиялық танымның көзі. Тілде мифологиялық жүйенің әртүрлі моделдері бейнеленеді. Сөздің мифологиялық мағынасы тұрақты тіркестерде, идиомдарда көрініс табады және ол қазақ халқының дүниетанымын бейнелейді. Ай, күн, жұлдыздың мифологиялық моделі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында кездеседі.

*Мешкей жоқ, көріп тұрсаң Күн мен Айдан,  
Жақсылық, бойдан шықпас, келер қайдан?!*

*Міне, сол құтылудың бір хайласы-  
Дүниеге адамдарға тисе пайдаң! (191 б.)*

*Тілімді алсаң, әне, алмасаң да  
Бұл сөзді нансаң да, айттым, нанбасаң да!*

*Баруың Тәңір алдына Күннен жарық,  
Ентелеп өз еркіңмен бармасаң да! (183 б.)*

«Ай» концептісі көркем дискурс шеңберінде әрбір нақты семантикалық-психологиялық, эмоционалды-эстетикалық түрде жүзеге асуы тұлғаның тілдік санасының

ерекшелігімен айқындалады. Ақын поэзиясында «Ай» мен «Күн» өзінің жаны бар, көзі бар тек тілі жоқ деп танылады.

*Ай басын қосар екен қай күн бізбен?!  
Телеграмма, телефоным көзге-көзбен!  
Айда – бас бар, ауыз бен тіл болар ма?  
Өз тілің өзіңе жау ел (зіл) бола ма?*

Қазақ халқының алғашқы сенімдері шаман дінімен байланысты. Ол дін көк аспанға, айға, күнге, суға, жерге, ата-бабалар рухына сиынады. Мысалы, «Күнің болайын», «Айың болайын», «Күнің оңынан тусын», «Айды аспанға шығарды» т.б. бейнеленген. Шартты түрде алғанда сөздің ассоциациялық өрісінде сол нысан туралы адам санасындағы түсінік, ұғым жиынтығы көрініс табады. Ассоциациялық өріс тіл қолданушы ортаның тілдік бірліктердің мағынасын тілдік қолданыста, жалпы қабылдаудағы түсініктерге негізделеді. «Күн» концептісі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында білім, біліктілік деген мағынада да жұмсалғандығын көреміз. «Нанайын ба?!» деген шығармасында күнді жарық бейне ретінде алады.

*Қараңғы түннің жарық таңы атар ма?  
Күннің қызу сәулесі оятар ма?!*

Ақын күн сәулесін бейбіт өмір, тыныштық бол ма деген ойды меңзеу үшін қолданғандығын өлеңді толық оқығанда аңғарамыз.

*Көңілі – тар, көзі соқыр- сұм заманда,  
Тұйғындар торғай құрлы құны жоқтан  
Қор болды-ау уқаланып құр табанда!*

Қолда бар дүниенің қадірін білмеу жайын айтса, залымдар түн бүркенген күн шыққанын ұнатар ма деп қынжылады. Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол тілдік ортамен және де жеке адамның танымымен байланысты. Мысалы, ақын:

*Телміріп Ай бетіне қарауменен.  
Онан басқа нәрседен көзім тайды.  
Ай аспанда, мен жерде болдым құмар,  
Құмарлықпен емеспін көзді жұмар  
Түн болса, ұйқым қашқан соң, ұйықтататын –  
Кітап қарап, ақтарып, тақтым тұмар  
Анда-санда көрініп қалады Ай,  
Ай көрінсе болады көңілім жай, -дейді.*

Ақын ғашық көзбен қараса, ай басқадай, ал қарапайым көңілмен қарғандағы айдың өзгеше болып көрінуі арқылы ғашықтық көзі кемшілікті көре алмайды деген халық ұғымын береді.

*...Шығармаймын сыртыма, біледі ішім –  
Айдың көңілі, қалты жоқ, анық менде  
Анық байқап қарасаң, Айда жүз бар,  
Кәдуілгі адамдай екі көз бар.  
Тіл мен ауыз бар-жоғы есеп емес  
Көңілден-көңілдерге тілсіз сөз бар.  
Екі көңіл арасы – қара жол-ды  
Күндіз-түн қатынасады оңды-солды  
Болған үшін басында мұң менен зар  
Бір күн қылдай жіңішке, бір күн толды.  
Мұнда отырып мен толсам, Ай солады.  
Екі басы иіліп жай болады.*

*...Ай толып аспандағы шараланып,  
Көркейер он төртінен толған Айдай*

Адамды қоршаған шынайы болмыс нысандары өзара байланыста, үйлесімде немесе өзгешелікке құрылған. Осы байланыстарды бақылаушы да, танушы да, зерттеуші де,



бағалаушы да ең алдымен адам болғандықтан, олардың көрінісі тілде бейнеленеді. Осы ретте, адам санасының, ойының ең бір күрделі процесі ретінде метафоралы ойлау қабілетін айтуға болады. Адам көңілінің биіктігі көрініс табады. Қолға түспейтін дүниеге құмартуы, ұмтылуы, ғашық болуы. Қолынан келмейтін дүниенің сырын түсінуге, армандауға адам баласының құмар болуы бейнелеген. Ал төмендегі шумақта ақын қолдан келмеске бос ұмтылғаннан пайда жоқтығы жөнінде философиялық ой түйіндейді.

*...Бұлт бар өркеш-өркеш мұнарланған  
Көңіл бар көктегі Айға құмарланған  
Меңдей бұлт, көрінбей бетін басса,  
Түлкідей бүркіт алған, жұмарланған.  
Не түсер, көктегі Айды, алғанменен  
Шын болмас, айланбан, жалғанменен  
Күдер үзіп, түңілу жоқ қой менде  
Ала алмай оны тағы қалғанменен  
Телмірдім тек күн батыс Айға қарап  
Мен Айға телмірмеймін жайға қарап.  
Асық ойнап пай салам, Ай болсаң да,  
Алатұғын отырмын қайға қарап.*

Қазақ халқының ділімділігінің астрономиялық көзқарастарда бейнеленуі және оның тілдік көрінісі – қазақтардың ежелгі танымының белгісі.

*Аспанда: Күн күректен, Ай айырлап,  
Алмастан ешбір дамыл ол байырлап  
Бидайдай желге ұшырып өмініңді,*

*Ойласам, осы бір сөз дұрыс екен,  
Деп айтпас миы бар жан: «Бұрыс екен!»  
Бірі – күндіз, біреуі түнде жортқан-  
Ай менен күн – өмірдің ұрысы екен.*

Жұлдыздардың қазақ дүниетанымындағы рөлі маңызды, мәнісі зор болған. Көшпелі қазақтар үшін дүздегі нақты нысана аспан жұлдыздары. Сол жұлдыздарға қарап түн мезгілін, түннің қай мезгілінде, қандай жұлдыз пайда болатындығын байқап, айтып отырған. Олар жылдың, айдың, түннің, қай мезгілінде уақытты айнытпай айта алған. «Жұлдыз» концептісін қазақ дүниетанымының кілтті ұғымы деп қарастыруға болады. Себебі, бұл ментальды-мәдени жасалым қазақтардың ұлттық мәдениетінің іргетасы болған құндылықтық бағдарларды, көзқарастарды жүзеге асырады.

«Жұлдыз» концептісінің құрылымы күрделі:

*Аспан биік болғанда Жер - аласа,  
Таулар зор, дариялар мол – көз қараса  
Ай мен Күндей жарық, жұлдыздар көп  
Жаралған бәрі оңды боп бір тамаша*

Берілген шумақта ақын жұлдыз ұғымын тура мағынасында қолданған. Бұл компонент «жұлдыз» сөзінің мағыналарын айқындайды: жұлдыз, ақпа, метеор т.б.

*Күн шықты, жұлдыз біткен өртке күйді,  
Күймесе, қайда кетті, не жау тиді.  
Жел қатайды, еңсе бір көтерілді,  
Ғайыптан бір қыз келіп беттен сүйді.*

Ақын шығармаларында да жұлдыз концептісі белгілі ұғымдардың көрінісі ретінде жұмсалғандығын аңғарамыз.

*Сонда жарлық түсірді Көк пен Жерге:  
-Тауға қарна, алдыма кел,-деп-бірге,  
-Ай, Күн, Жұлдыз, ағаш, шөп,-шашбауыңмен  
Ажарланып, көркейіп кір,-деп түрге!*

*Ерік, ықтияр өзіңде, көкпенен жер,  
Ай мен күн, бұл кеңеске сенде кір  
Тау мен тас, шалқып жатқан дария сулар,  
Көрермін алаламай бәріңді бір.  
...Сейсенбі, сәрсенбі күн көкті қылды  
Құдіретпен қылған ісін неше бөлді.  
Көкті жерге пар қылып үйлестіріп,  
Ай мен күн жұлдыздардан перде құрды.*

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «күн», «ай», «жұлдыз» концептілері шаманизм, ислам мәдениетіне дейінгі яғни тәңірлік дәуірдегі сипатын білдірген. Жер жаһанды жаратушы жұлдыздарды әсемдік үшін жаратты деген ұғымды аңғартады. Ишарат өлеңдерінде ақын ай мен күнді көргенімен ешнәрседен хабарсыз, қараңғылықта қалған, яғни оқып-тоқымаған жан туралы тұспалдап отыр. Күн мен айды көргенімен қараңғылықта қалғандықтан қолдан келері жоқ дүниені меңзеп отыр. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағыдай күн мен ай, жұлдыздың қазақ әдебиетінен де символдық мәнін көреміз. Мысалы, ақын-жырау шығармаларын қарастырсақ, аталған сөздердің символ ретінде қолданғандығын бірден аңғаруға болады.

*Нұрыңнан нұр алып,  
Аспанда жарық ай,  
Келеді қозғалып,  
Жақындап бері қарай  
Күн батып жоғалды*

Ақын сұлулықты, махаббатты, сүйіспеншілікті білдіруде халық ұғымындағы қалыптасқан танымға (күн, ай, жұлдыз – сұлулық символы) басқаша жағдайды қолданған. Яғни әлемдегі барлық құбылыс сұлуға таңдана қарайды. Сүйгеніне деген терең сүйіспеншілік, шексіз махаббатты білдіруді Мағжан өлеңдерінен оқимыз.

*Келші, көзім, күн бетіңді көрейін  
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей.  
Жұлдызды – жүзік,  
Айды алқа ғып берейін!*

Ай, күн, жұлдыз ғашықтық сезім күйлерін ғана емес, барша адам атауларының бір-біріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Қазақ әдебиетінде, мысалы ақын Б.Күлеев шығармаларындағы ай мен күннің символдық мәніне назар аударсақ,

*Сен хорсың, періштемсің, алламсың сен,  
Мен үшін сенің көркің тәңірмен тең.  
Көркің күн, жүзің жарқын, ажарың ай,  
Тізе бүктім, «тәңірі» дедім алдыңда мен.  
Жүрсен – жер, күлгенде – көк сүйінеді,  
Ағаш-шөп сәжде қылып иіледі.  
Аспанның ажарлысы Ай менен күн.  
Көркіңді көріп таң боп күйінеді.  
Алдыңан әлдеқашан бұлт қашқан,  
Құлдықта қол қусырып жер мен аспан.  
Айнадай ай жүзіңнің ажарынан.  
Ұялып жұлдыз біткен бетін басқан.*

Демек, ай мен күн – өмір өзегі – биік махаббат, терең сүйіспеншілік, асқан сұлулық символы болса, жұлдызды аспан – қос ғашықтың махаббатының куәсі. Қазақ халқы ай, күн, жұлдыз сөздерінің символдық белгісіне байланысты: айдай сұлу, жаңа туған айдай, ай қабақ, он төртінде туған айдай десе, күнге байланысты күндей көрік, күндей нұрлы, күндей балқу т.б. кейде ай мен күнді қосарлана қолданып, мінсіз әдемілікті меңзейді: ай десе аузы, күн десе көзі, айдай мінсіз т.б.

Қазақ халқы үшін күн – мәңгілік өмірдің символы.

*Оңынан айым, күнім туып сол жақтан,  
Алашыма айнадай сәуле бере ме?*

Халық тілінде күн сөзінің символдық мәніне қатысты төмендегідей тұрақты тіркестер бар: *күн көру, күнелту, күні туды, күні таусылды, күні жақындады, күні өшті, күні бітті* т.б.

*О, менің тірлігім, қуатым!  
Неге сен батасың шуақ-күн?  
Сақшысы бол-дағы өмірімнің  
Төбемде мәңгілік тұр көріп.  
Батпа сен!  
Бермеші түнге ерік!  
Төбемнен ұзама жүз қадам,  
Жылыта бер денемді мұздаған,  
Зәредей сәулеңді мен сенің  
Некелі жарымдай қызғанам.*

Сонымен, аспан шырақтары – Күн, Ай, жұлдыз халық танымында сұлулық, ізгілік, махаббат нышандары ретінде танылып, тіл жүйесінде өз өрнегін салған. «Дойбының ойыны» өлеңінде Мәшһүр Жүсіп ойын туралы айтып отырған сияқты көрінгенмен, өмірді тұспалдап отыр. Өмірде сараң болма, сараң болсаң, халықтан байлығыңды тығып, тарылсаң бәрі босқа қалады деген ойды тышқанның інге тыққаны ертең мысыққа ұсталып, жем болса, тыққан, жиған тергенінің босқа қалатындығын айту арқылы жомарт болуды меңзейді. «Ай» болсаң да, «Күн» болсаң да мәңгі жарқырап тұра алмайсың, олар да батады деген философиялық түйін тастайды.

*Бір жарық түн басынан таң атады,  
Мейлің – Ай, мейлің Күн бол, – бір батады  
Дарияның толқынындай дүние жүзі  
Толқында тауып тыныштық кім жатады?  
Астыңа – жер, үстіңе көкті жайды:  
«Күндіз Күнді көр-деумен, түн болса, Айды!»  
Мұның бәрін бекерге жаратқан жоқ,  
Білмей қалсаң, мойныңа бұл бір пайды!  
Дойбының тақтайындай қылды көкті,  
Ай мен Күн, жұлдыздан – тасын тікті.  
«Күндіз, түнмен ұтысып, ойнап қал!»-деп,  
Күн де бес жылда бір айды артты жүкті.  
Өзге ойынның бұл ойын басы болды,  
Ойнай мұны білмеген – гасы болды.  
Жыл да – он-екі ай болғанда, ай да он екі,  
Жиырма төрт дойбының тасы болды.  
Өзің қимай, ала алмай, құр(ы) қаласың қаласың(қалсаң құры)  
«Бермеді!», - деп, Құдайға жұқтырма кір.*

Өзің мақсатыңа қол жеткізбесең, біреуді кінәлап, қаралама деген ойды тұжырымдайды. Еңбектен, талмай еңбек ет, бірақ құр жинай бермей халыққа де көмектес деген ой тұспалмен берілген. Тышқанның талмай күні-түні еңбектенгені мысыққа ұсталған күні жер астында қалатындығы арқылы жиған тергеніңді аясаң, көпке септігің тимесе ол да босқа қалады деген ой астарлап берілген.

*Ін қазып, үйден-үйге жаса тесік,  
Тар болсын, кіре алмастай, кедейге есік.  
Жалғыз тал шөп көрінсе, тастамай жи,  
«Болд-деп,-заман жайы әлденешік?!»*

Сараңдықты мысқылдап тұр. Ақын ешкімнің қолы жетпестей жина тер, дүние жи деп тұрған тәрізді. Сол еңбегінді аяп, кедейге көмектеспесең, босқа қалады деген ой мына жолдарда аңғарылады:

*Қалады жер астында жиган дүниең,  
Бас салса, бір тесіктен, аңдап мысық.*

Енді бірде ақын жылан бол, алтын жи, күміс жи көңілің тоқ болады дейді. Бірақ бұл жерде де сатира бар, өткір шенеу бар. Өзінен өзі аяп қалтақтаған өмірден өз орнын табуы екі талай. Сараң болмай әр нәрсені жомарттықпен шешкен адам өмірден өз орныны табады деген ой беріледі. Яғни, әр нәрсені дейбі ойнағандай өмірде де тарылмай, ойланып, ақылмен шешу керек деген тұжырым бар. Өмір дейбіның ойны сияқты, надан болмай, сараң болмай, тасты ұтқызса да жеңіске қол жеткізуге болады деген тұжырым арқылы, өмірдегі құбылысты бейнелейді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Джанузаков Т.Д. Основные проблемы ономастики казахского языка: автореф. док. филологич. Наук. – Алматы, 1976. – 100 с.
- 2 Маргулан А. Из истории городов и строительство искусство древнего каз. – Алматы, 1950.
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 272 б.

*В настоящей статье раскрыты значения слов-символов в произведениях Машихур Жусипа, определяется их символическое значение. Выявлены особенности функционирования названных средств в художественном тексте, определяющие индивидуальный стиль автора. На основе рассмотренных значений лексем «Күн», «Ай», «Жұлдыз» описан культурологический компонент значений этих слов, которые характеризуют мифологические взгляды и астрономические знания казахского народа.*

*This article describes the symbolic meaning of words-symbols in the works of Mashur Zhusip. It represents the poet's individual style in the analysis of the text in order to display the content of speech applications. Mythical ideology of the nation, astronomical images used in the language "Sun", "Month", "Star" and symbolic significance of lexemes in the works of Mashur Zhusip were analyzed. The article analyzed culturological component of the mythological views and astronomical knowledge of Kazakh nation.*

ӘОЖ 82.09(574)

А.Д. Амренов

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар, Қазақстан

adilbek.61@mail.ru

### **АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ИДЕЯСЫ**

*Мақаланың негізгі мақсаты Абай Құнанбаевтың тәуелсіздік, елшілдік, әлеуметшілдік сарындағы саяси, азаматтық лирикаларын жаңаша пайымдау. Қазақ даласына жүргізілген отаршылдық, оған қарсы тәуелсіздік, елшілдік поэзияның тууы қарастырылады. Осы негізде Абай лирикалары оның шығармаларына тақырыптық-идеялық жағынанан әсер еткен қоғамдық тарихи-саяси тұрғыдан талданады. Оның тәуелсіз ел, кемел басшы танымындағы ой- аңсары сараланады. Ақын өлеңдері идея ортақтығы тұрғысынан «Зар заман» ақындары шығармаларымен бірлікте қарастырылады.*

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛҰМАТТАР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

---

- 1 **Абдукаримова Айгуль Ахмедовна** – магистр кафедры английского языка Южно-Казахстанского государственного педагогического института (Казахстан)
- 2 **Абикенов Мұхит Төкенұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің доценті (Казахстан)
- 3 **Абрамова Галина Иосифовна** – кандидат филологических наук, доцент Южно-Казахстанского государственного педагогического института (Казахстан)
- 4 **Адилова Алмагуль Советовна** – доктор филологических наук, профессор Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова (Казахстан)
- 5 **Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Қазақстан)
- 6 **Алдашева Камар Сагинғалиевна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты (Қазақстан)
- 7 **Алибекова Куляш Еркеновна** – кандидат педагогических наук, старший преподаватель КазУМОиМЯ им. Аблай хана (Казахстан)
- 8 **Альжанова Амина Бекеновна** – преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 9 **Амренов Адилбек Даутбекович** – филология ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының доценті (Қазақстан)
- 10 **Амренова Раушан Сактияровна** – кандидат филологических наук, декан факультета филологии и педагогики Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)
- 11 **Асан А.К.** – магистр Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 12 **Асанова У.О.** – ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 13 **Аубакирова Ботагох Карибаевна** – магистр филологических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)
- 14 **Ахметова Гульнара Сагынбаевна** – магистр педагогических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)
- 15 **Ахриева Любовь Ахметовна** – магистр филологических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)
- 16 **Ашкеева Мадина Муратовна** – магистр педагогических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 17 **Байгозинова Д.Е.** – магистр Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 18 **Байманова Ляззат Сейтзиевна** – кандидат филологических наук, доцент, и.о.профессора Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)
- 19 **Байтанасова Қарлығаш Медетқызы** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 20 **Баяндина Сауле Жумажановна** – доктор филологических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Аблай хана (Казахстан)
- 21 **Бейсембаева Жанаргуль Алибиевна** – кандидат филологических наук, доцент кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 22 **Бейсенова Жайнагуль Сабитовна** – доктор филологических наук, профессор КАЗГЮУ (Казахстан)
- 23 **Бекимова Альфия Бегалиевна** – магистрант Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)

24 **Дальбергенова Ляззат Елемесовна** – доктор философии (Ph.D) по специальности «Филология», старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)

25 **Динаева Б.Б.** – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының «КАЗГЮУ» Университетнің доценті (Қазақстан)

26 **Ерхожина Шаттыгүл Лесбекқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан)

27 **Жанабекова Мағұльсим Абдилдаевна** – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби (Казахстан)

28 **Жумабекова Бейбітнұр Қапарқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, шетел тілдер кафедрасының меңгерушісі, С.Торайыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті (Қазақстан)

29 **Жумабекова Шолпан Дисембековна** – магистрант Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)

30 **Жуманова Гульнур Жанатовна** – магистр педагогических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)

31 **Иманбердиева С.Қ.** – Алматы менеджмент университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы (Қазақстан)

32 **Исакова Сабира Сагынбековна** – доктор филологических наук, профессор Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова (Казахстан)

33 **Исмағұлова Баян Хамзиевна** – филология ғылымдарының докторы, Орталық Азия университетінің профессоры (Қазақстан)

34 **Исмағұлова Гульнар Кульмухамбетовна** – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков Костанайского государственного педагогического института (Казахстан)

35 **Камиева Гульмира Камиевна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының «КАЗГЮУ» Университетнің доценті (Қазақстан)

36 **Касенов Сапар Негметович** – старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)

37 **Кадашева Карлыгаш Кадашевна** – доктор педагогических наук, профессор Университета «Туран-Астана» (Казахстан)

38 **Кадыров Жанбай Турарович** – кандидат филологических наук, доцент СКГУ ими М. Козыбаева (Казахстан)

39 **Қайрат Гульсауле** – магистр педагогических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова (Казахстан)

40 **Қабышев Талғат Болатович** – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің доценті (Қазақстан)

41 **Қанабекова Меңгүл Қошпанқызы.** ҚазМемҚызПУ (Қазақстан)

42 **Құрманова Назым Есентайқызы** – магистр Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

43 **Капанова Дамели Енсебековна** – кандидат филологических наук, доцент кафедры иностранных языков Казахского агротехнического университета им С. Сейфуллина (Казахстан)

44 **Карипжанова Гүлназ Төкенқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, С. Торайыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры (Қазақстан)

45 **Кемелбек Берікболсын Маратұлы** – магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Қазақстан)

46 **Кенжекканова Куралай Кенжеккановна** – магистр, старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби (Казахстан)

47 **Кожина Сандугаш Асанқызы** – магистрант Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова (Казахстан)

- 48 **Крамаренко Борис Васильевич** – кандидат филологических наук, доцент Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 49 **Кулахметова Мергуль Сабитовна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова (Казахстан)
- 50 **Лаврик Руслан Анатольевич** – магистрант Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 51 **Махажанова Ляйля Мадибековна** – старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби (Казахстан)
- 52 **Молдахметова С.С.** – преподаватель Казахского государственного юридического университета (Казахстан)
- 53 **Мукашева Акбота Омиржановна** – магистр образования, старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 54 **Набидуллин Айболат Сарсенбаевич** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистрі (Қазақстан)
- 55 **Омарова София Кожиякпаровна** – кандидат филологических наук, доцент – кандидат филологических наук, доцент Университета «Туран-Астана» (Казахстан)
- 56 **Оналбаева Айгуль Тыныбековна** – доктор филологических наук, и.о. профессора Казахского государственного женского педагогического университета (Казахстан)
- 57 **Оспанова Б.Р.** – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ Әдебиеттану және тіл білімі ҒЗИ-ның бас ғылыми қызметкері (Қазақстан)
- 58 **Плохенко Валерия Борисовна** – преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 59 **Өтегенова Аякоз Ақылбекқызы** – докторант КГУ им. Коркыт Ата (Казахстан)
- 60 **Рахманова Нуржанат Малдыбаевна** – кандидат филологических наук, доцент ТОО Университет Алматы (Казахстан)
- 61 **Русол Ирина Григорьевна** – старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 62 **Рысбаева Г.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
- 63 **Санникова Анна Викторовна** – магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 64 **Сапина С.М.** – "КАЗГЮУ" Университеті АҚ (Қазақстан)
- 65 **Сарманова Жанара Саветовна** – магистр гуманитарных наук, преподаватель кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 66 **Сарсенбаева Алия Сериковна** – магистр иностранной филологии Казахского гуманитарно-юридического университета (Казахстан)
- 67 **Сейдалиева Гулдана Омаровна** – докторант КазНПУ им Абая (Казахстан)
- 68 **Смагулова Сауле Сапаровна** – преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 69 **Стукаленко Нина Михайловна** – доктор педагогических наук, профессор Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 70 **Уристенбаева Ж.Н.** – магистрант Казахского государственного женского педагогического университета (Казахстан)
- 71 **Устажанова Назгуль Амантаевна** – магистрант Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 72 **Утегенова Д.И.** – кандидат филологических наук, доцент КАЗГЮУ (Казахстан)
- 73 **Таджибаева Айзада Абдувахитовна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного педагогического института (Казахстан)



- 74 **Тасбулатова Жания Серикпаевна** – магистр Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 75 **Ташимханова Дыбыс Сартаевна** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
- 76 **Темирова Жанна Германовна** – магистр Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 77 **Тленшина Гульзада Мукашевна** – кандидат исторических наук, доцент Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 78 **Тлеуова Акмоншак Зархомкызы** – кандидат филологических наук, доцент Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова (Казахстан)
- 79 **Туребекова А.С.** – магистр Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 80 **Халенова Айнагул Рыскельдиевна** – старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби (Казахстан)
- 81 **Хасеинова Гульнара Садибековна** – старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 82 **Цупкина Юлия Александровна** – старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 83 **Шайбакова Дамина Дисингалеевна** – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Казахстан)
- 84 **Шакирова Қатира Мирановна** – старший преподаватель Аркалыкского государственного педагогического института им. И. Алтынсарина (Казахстан)
- 85 **Шалабай Бердібай** – доктор филологических наук, профессор Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 86 **Шарипова Айжан Сейлхановна** – магистр педагогических наук Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 87 **Шортанбаев Шохан Амангелдиевич** – старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби (Казахстан)
- 88 **Шулембаева Кызжибек Мендыбаевна** – магистр образования, старший преподаватель Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова (Казахстан)
- 89 **Ыбырайым Ә.О.** – М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)